



**Дауыстылар
жүйесі
дамуының
ерекшеліктері**

Дауыстылар жүйесі дамуының ерекшеліктері
Дауысты дыбыстар мына төмендегідей топтарға
жіктеледі:

1. Дауыстылардың *ашық* және *қысаң* түрлері. Бұл дыбыстау органдарының ашылу дәрежесіне негізделеді. Артикуляциялық мүшенің ашылу дәрежесіне сай дыбыстардың естілуі де екі түрлі:

а, е, о, ө – ашық дауыстылар

ұ, ү, ы, і – қысаң дауыстылар.

Бұл топтар қазіргі түркі тілдерінің бәріне дерлік тән.

2. Дауыстылардың *жуан* және *жіңішке* топтары дыбыстың айтылу тонының көтеріңкі және бәсең болуына негізделеді. Бұл принцип бойынша дауысты дыбыстар бір-біріне пар болатын екі топқа бөлінеді:

а, о, ұ, ы – жуан

е, ө, ү, і – жіңішке фонемалар

Алайда, қазіргі түркі тілдерінің барлығында осы принцип түгел сақталмайды. Бірсыпыра тілдерде жуан дауысты *а*-ға кі түрлі жіңішке дауысты сай келеді: а-е, ә.

Бұл ерекшелік қазіргі қазақ, азербайжан т.б. тілдерге тән. Жасалу орны жағынан *а* мен *е, ә* аралығында белгілі бір жақындық бары айқын.

- 3. Дауыстылардың *еріндік және езулік* топтары. Еріндік дауыстылар түркі тілдерінің барлығында кездескенмен, көпшілік тілдерде сөз ішінде бірінше, екінші буындардан аспайды.
- Түркі тілдерінде дауыстыларды жіктеудің бұдан да басқа принципі, атап айтқанда, естілу дәрежесіне қарай бөлу де бар. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде тува, түрікмен, якут, қырғыз тілдерінде дауыстылардың созылыңқы айтылуы, яғни, *созылыңқы дауыстылар* бар.

- Созылыңқы дауыстылар көне ескерткіштерде де кездеседі. *Махмуд Қашқари* сөздігінде кейбір сөздер құрамындағы дауыстылардың созылыңқы айтылуы арнайы белгілініп отырған. Мысалы айт, ааз т.б. Мұндай фактілер ұйғыр жазбаларынан да ұшырасады.
- Алайда, жалпы түркі тілдеріндегі дауыстыларды шола қарағанда, олардың созылыңқы және қысыңқы айтылуы жалпы түркілік құбылыс емес, жеке тілдер ерекшелігі екендігі байқалады. Мұның өзі созылыңқы дауыстылар түркі негіз тілінің жеке тілдерге ыдырау дәуірінде пайда болды дейтін А.М. Щербак пікірін дәлелдейді. Дауыстылардың ашық-қысаң, жуан-жіңішке топтарға бөлінуі түркі тілдерінің барлығында да бар құбылыс. Олай болса, олар – сонау түркі негіз тілі заманында-ақ орнығып қалған құбылыс.

- Қазақ тілі дауыстылар жүйесін доцент **Ж.Аралбаев** үш түрлі кезеңге бөліп қарайды. Ол кезеңдер мыналар: *көне түркі кезеңі, орта түркі кезеңі және жаңа түркі кезеңі*. Бұлайша бөлудің сырт көзге **Н.А. Баскаков** классификациясын еске түсіргенімен, лингвистикалық негізі бар: сол аталған дәуірлерді түркі тілдері құрамында кейін заңдылыққа айналып кеткен фонетикалық өзгерістер келіп шықты. Көне түркі кезеңінде. **Ж.Аралбаевтың** айтуынша, түбір сөз бір дауысты фонемадан (*г*), дауысты және дауыссыз фонемадан (*гс*), дауыссыз және дауысты фонемадан (*сг*) құрылған.

Жеке дауыстылардың дамуы

Ә дыбысының тарихы. Түбір сөз құрамындағы дауысты фонемаларды көне түркі тіліндегі дыбыстар тобымен салыстырғанда, көзге оқшау көрінетін фонема – ә. V-VIII ғасыр жазбаларының тілінде де, орта ғасырдың алғашқы кезеңіне қатысты жазбаларда да мұндай фонема ұшырамайды.

Қазақ тілінің фактілеріне қарағанда, ә фонемасы түркі тілдерінің бірсыпырасында шығыс тілдерінің әсерімен қалыптасты дейтін пікір дұрыс болса керек. Араб, парсы тілдерінің өзінде *ʾ, ḫ* немесе соларға жақын дыбыстардан басталатын сөздер қазақ тілінде ә-ден басталып айтылып қалыптасқан. Қазіргі қазақ тіліндегі *Әкім, Әли* т.б. сөздердің шығыстық нұсқасына жақын түрі *Хәкім, Ғали*.


- Әр сөзінің арғы түрі *һар* екені мәлім. Осы түбірден тараған сөздер де сондай: *әркім, әрдайым, әралуан, әркез, әрқилы* т.б. Ал, *әскер, әуе* сөздеріде өз нұсқасындағы *ғаскер, һауа, һауал* түрінде дыбысталған. Екінші жағынан, қазіргі қазақ тілінде байырғы қазақ сөздерінің де *ә* дыбысынан басталатыны кездеседі: *әпер, әкел*. Бұл жердегі *ә* дыбысы екі түбірдің бірігіп, бір фразалық екпінге бағынуының салдарынан болған кейінгі ықпалдың нәтежиесі: *алып бер, алып кел* күрделі етістіктері бірігу процесінде кейінгі буынның әсерінен жіңішкеріп кеткен.

- Орта ғасырда жоғарыда атлған дауыстылар негізінде жаңа *e, i, y* дауыстылары келіп шықты. Бұл фонемалар алдыңғы түбір құрамындағы *a, ы, у* фонемаларның екінші түбір құрамында бейтараптануы, яғни, семантикалық қызметінің әлсізденуінің нәтежиесі болды. Тіл дамуының кейінгі дәуірлерінде ғана бұл дауыстылар фонемалық айырым белгілеріне ие болды. Сөйтіп түркі тілдері вокализмнің 8 дауыстыдан тұратын жүйесі осы кезеңге қалыптасса керек.

● **«Түркі тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасының»** авторлары *о, ө* дауыстылардың түркі негіз тілінің құрамында болған дауыстылар деп қарайды. Бұл зерттеулердің авторлары *ой, оқ, ол, он, оң, ор, оз, өң, өрт, өс, өт, өш* тәрізді сөздер құрамындағы *о, ө* дыбыстарын этимологиялық деп, яғни олардың құрамында түркі негіз тілі дәуірінен – ақ айтылған деп қарайды.

- **XV-XVI** ғасырлар арасында дауыстылар жүйесі *ә, и, у* дыбыстарымен толығады. **Ә** дауыстысы шығыс тілдерінің ықпалының нәтежиесі болса, *и, у* дыбыс қосындылары тіл құрамында болған дыбыс өзгерістерінің нәтежиесі.

- Бұл пікірді қазақ тілі вокализмі дамуының кезеңдері жайлы деуден гөрі қазақ тілі вокализмі құрамында өзгеріс болған дәуірлер жайлы деп қабылдау дұрыс. Мәселе мынада – көне түркі дәуірінде қазақ тілінің негізін құраған түркі тілдерінде тек қана үш дауысты фонема болған дейтін тұжырымды фактілер дәлелдемейді. Көне түркі жазбаларының фактілері ол тілде 8 дауысты дыбыс болғандығын көрсетеді. Бірақ, сол 8 дауысты дыбыстың фонемалық қызметтері бірдей емес, олардың ішінде айқын фонемалық мәнге ие болған үш не төрт дауысты дыбыс болуы мүмкін. Сондай-ақ делабиализация процесінің жүріп өткен дәуірі – орта ғасырлар болса керек. Бірақ делабиализация процесі *o*, *ө* дыбыстарының қалыптасуына бірден – бір себеп болмаса керек.



*Назарларыңызға
рахмет*